



ЭССЕЛЕР ЖИНАҒЫ «БІЛІМІМ ОТАНЫМА»

**Жинақты құрастырған:
Жабасова Руслана**

**Аудан/қала атауы
2025 жыл**



Авторы: Руслана Жабасова, 11- сынып оқушысы

«В.Комаров атындағы ЖОББМ» КММ

Шаңтөбе кенті

Адал азамат

Адалдық – адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі. Бұл ұғым шыншылдықты, әділеттілікті, ішкі тазалықты білдіреді. Адал болу – шындықты айту, өз ар-ожданыңмен өмір сүру, басқаға қиянат жасамау. Қазақ халқы ежелден адалдықты ерекше бағалаған. «Адалдық – адамның асыл қасиеті», «Адал еңбек – ардың ісі», «Арамды адал деп айтпа» деген мақал-мәтелдер осыны дәлелдейді. Адал адам – өзіне де, өзгеге де қиянат жасамайтын, әділ жолмен жүретін жан. Мұндай адамдар қоғамның тірегі, елдің ұстыны болып саналады.

Адал азамат – бұл өз сөзіне, ісіне берік, уәдесінде тұратын тұлға. Ол қандай жағдай болса да шындықты айтудан тайынбайды. Бүгінде мұндай адамдар азайып бара жатқаны өкінішті. Алайда қоғамның дамуы үшін, болашақ ұрпақтың дұрыс бағытта тәрбиеленуі үшін бізге адал азаматтар ауадай қажет. Қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлы: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, мінез, ар деген нәрселермен озады», – деген. Мұндағы «ар» сөзі – адалдықтың, намыстың, ұяттың бір бөлігі. Адал адам әрқашан еңбекқор болады. Өйткені ол арам жолмен келген табысқа қызықпайды. «Адал еңбек — еріннің сыбағасы» дейді халқымыз. Адал азамат өзінің жеке пайдасынан гөрі елдің, қоғамның мүддесін биік қояды. Ол ұрлық жасамайды, өтірік айтпайды, пара алмайды. Осындай қасиеттері арқылы ол басқаларға үлгі бола алады. Мысалы, Бауыржан Момышұлы: «Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды», – деп айтқан. Тәртіп пен адалдық – егіз ұғымдар. Өйткені тәртіп бар жерде ғана шынайы адалдық пен әділдік орнайды. Адал азаматтың бойында мейірімділік, сабырлық, ар-ұят, адамгершілік секілді құндылықтар болуы шарт. Ол ата-анасын құрметтейді, үлкенге ізет, кішіге қамқор бола біледі. Әрдайым әділетті шешім шығарады. Мұндай адамдардың айналасындағыларға ықпалы да

мол болады. Олар халықтың сеніміне ие болып, ел арасында сый-құрметке бөленеді. Бүгінгі күннің адал азаматы – тек қана шыншыл адам емес, сонымен қатар Отанын сүйетін, елі үшін еңбек ететін патриот болуы тиіс. Ел үшін еңбек етіп, ұлтқа адал қызмет ету – әр азаматтың парызы. Адалдық пен әділдік билік басындағы адамдардың да басты қағидасына айналуы тиіс. Өйткені елдің болашағы – адал басшылардың, таза қоғамның қолында. Қоғамның дамуына сай әр оқушының өнегелі тәрбиесі мен білім алуы, оның алған білімін тура жолда жұмсауы өте маңызды. Осы тұста, біздің мектепте оқушыларға «Адал адам» концепциясы бойынша деректі фильмдер көрсетіледі. «Даналық мектебі» мен «Әкелер клубы» құрылып, түрлі шаралар өткізіледі. Әсіресе, ата-анаға, ұстазға, айналасына құрмет көрсету жайлы жиі айтылады.

Менің ойымша, адал азамат – елдің ең қымбат қазынасы. Ол қоғамның қозғаушы күші, жас ұрпақтың тәрбие үлгісі. Әрбір адам өзінің өмір жолында адалдықты серік етсе, қоғамда әділдік, тұрақтылық, сыйластық орнайды. «Адалдық жүрген жерде алдаушылық жүрмейді» дейді халық даналығы. Сондықтан әрқайсымыз адал болып, елдің, жердің, халықтың алдында жауапкершілігімізді сезіне білейік. Адал болу – жеңіл жол емес, бірақ ол – шынайы абырой мен құрметтің бастауы.